

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастадыӨзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті№25 (3290), сәрсенбі,
26 март, 2025 жылЕЛІМІЗДЕГІ ТАТУЛЫҚ
БЕРЕКЕЛІ АУЫЗАШАРДА КӨРІНІС ТАПТЫ

25 март күні барлық аумақта қайырымдылық дастарқандары жазылып, ауызашар рәсімі өтті.
Президент Шавкат Мирзияев Ташкент қаласында өткен ауызашарға қатысты.



Шара басында мемлекет басшысы халқымызды, барша мұсылман қауымын қасиетті Рамазан айымен тағы да құттықтады. — Осынау құтты айдың ішінде әсем өлкемізде елімізбен бірге осындай берекелі ауызашар рәсімін өткізуге мүмкіндік берген қайырымды да құдіретті Аллаға шексіз ризамыз, — деді Президент. Елімізде “Адамның қадірі үшін, адам ба-

қыты үшін” деген игі идея барлық жұмыста басты бағдарламаға айналып отыр. Азаматтардың құқықтары мен ар-ождан бостандығының қорғалуы Рамазан айында көбірек байқалуда. Қасиетті дініміз бұйырған игі істер — татулық пен ынтымақ, мейірімділік, сабырлық, қанағатшылдық, имандылық, тәлім-тәрбие қоғамымызда нығая түсуде.

Ислам дінінің адамилық сипатын терең зерделеуге, ұлы тарихымыз бен мәдениетіміздің жауһарларын, ұлы ғұламаларымыздың мол мұрасын жинақтап, кеңінен насихаттауға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, осы мақсатта астанамызда Ислам өркениеті орталығы құрылуда. Бұл алып ғылыми-рухани жоба бірнеше мың жылдық дамудың жетістіктерін бейнелеп,

ислам өркениетінің елімізде дәл ғылым-білім, тәлім-тәрбие, мәдениет пен ағарту негізінде дамығанын растап, жастарымызды ұлы жаңалықтарға шабыттандырады.

Самарқантта хадис ілімінің сұлтаны Имам Бұхари кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ұлы бабамыздың өмірі мен шығармашылығына арналған мұражай және ғылы-

ми орталықтармен қатар 10 мың орындық мешіт салынуда. Бұл екі тамаша ескерткіш биыл ашылады деп жоспарлануда.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы
Президентінің Баспасөз қызметі
суреттері.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “КӨКСАРАЙ”
РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА ӨТКЕН АУЫЗАШАР РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Бисмилләһир рахманир рахим. Ассалаумағалейкүм, құрметті отандастар, ардақты аталар мен аналар!

Құрметті қонақтар! Сіздерді, газиздерді, барша халқымызды, алыс-жақын мұсылман қауымын жалғасып келе жатқан қасиетті Рамазан айымен тағы бір рет шын жүректен құттықтаймын. Баршанызға тыныштық, денсаулық, амандық тілеймін.

Осынау үлкен айда әсем өлкемізде ел-жұртымызбен бірге осындай берекелі ауызашар рәсімін өткізуге мүмкіндік берген мейірімді де құдіретті Аллаға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Осы сәтті пайдалана отырып, бүгінгі шараға қатысып отырған құрметті қонақтарымызға — шет мемлекеттердің елшілеріне, халықаралық ұйымдардың өкілдеріне, діни конфессиялардың жетекшілеріне Отанымыз бен халқымызға көрсеткен жоғары құрмет пен ілтипат үшін шынайы алғысымды білдіргім келеді.

Құрметті достар! Баршаға мәлім, соңғы жылдары ұлттық және діни құндылықтарымызды сақтап, оны заман талабына сай дамыту бағытында ауқымды жұмыстарды атқарып жатырмыз.

Осы орайда **“Адамның қадірі үшін, адам бақыты үшін”** деген игі идея біздің белсенділік бағдарламамызға айналып отыр. Осы негізде ұлтына, тіліне, дініне қарамастан, әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету әлеуметтік өмірімізде жетекші орын алуда.

Азаматтарымыздың ар-ождан бостандығы саласындағы конституциялық құқықтарының толық қамтамасыз етілгені биылғы Рамазан айында айқын көрініп отыр.

Қасиетті дініміз бұйырған игі істер — ынтымақ пен ауызбіршілік, мейірімділік, сабырлық, қанағатшылдық, имандылық, ғылым-білім қоғамы-

мызда барған сайын нығая түсуде. Әсіресе, ислам дінінің адамилық сипатын терең зерделеуге, ұлы тарихымыз бен мәдениетіміздің жауһарларын, ұлы ғұламаларымыздың мол мұрасын жинақтап, кеңінен насихаттауға ерекше көңіл бөлінуде.

Осы игі мақсатта Ташкент қаласында салынып жатқан Ислам өркениеті орталығы Өзбекстанда тұңғыш рет жүзеге асырылып жатқан орасан зор ғылыми-рухани жоба ретінде елімізде де, халықаралық қауымдастықта да үлкен қызығушылық тудырып отыр.

Бұл орталық бірнеше мыңжылдық даму жетістіктерін қамтып, елімізде ислам өркениетінің ғылым, білім, тәлім-тәрбие, мәдениет пен ағартушылық негізінде дамығанын растайды. Бұл жер біз үшін өткен күннен естелік ретінде ғана емес, халқымызды, жастарды болашаққа шақырып, ұлы жаңалықтарға ұйытқы болуымен де маңызды.

Өздеріңіз білесіздер, ұлы отандасымыз, хадис ілімінің сұлтаны Имам Бұхаридің Самарқантта салынып жатқан алып кешенінің құрылысы да қарқынды жалғасуда. Мұнда ұлы бабамыздың өмірі мен қызметіне арналған мұражай және ғылыми орталықтармен бірге 10 мың адамға арналған мешіт салынуда.

Сәтін салса, биыл осы екі тамаша ескерткіш — Ислам өркениеті орталығы мен Имам Бұхари кешенінің ашылу салтанатын бірге атап өтеміз.

Халқымыздың ислам діні мен философиясына қосқан өлшеусіз үлесін одан әрі зерделеу мақсатында жақында тағы бір маңызды қаулы қабылдадық.

Биыл ұлы ғұлама бабамыз, кәләм ілімі ірі жетекшілерінің бірі Имам Мотуридидің 1155 жылдығын кеңінен атап өтеміз. Атап айтқанда, Самарқанттағы мәртебелі қасиетті орындар одан әрі абаттандырылады.

Ең бастысы, бұл істеріміз Имам

Мотуридидің мұрасы мен мотуридия ілімін еліміздің және шетелдік ғалымдармен бірлесіп зерттеуде жаңа әрі үлкен қадам болмақ.

Құрметті достар! Көпұлтты қоғамымызда бейбітшілік пен бірлікті нығайту, түрлі ұлттар мен дін өкілдері арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту міндеті тұрақты назарымызда болуда.

Осы мақсатта үстіміздегі жылдың сентябрь айында Ташкент пен Самарқант қалаларында беделді халықаралық конференция өткіземіз. “Декларациялар диалогы форумы” деп аталатын бұл ауқымды шара 2022 жылы Ташкент, Самарқант және Бұхара қалаларында өткен конференцияның қисынды жалғасы болып табылады және әртүрлі діни сенім өкілдері арасындағы бірегей ағартушылық сұхбат алаңы қызметін атқарады.

Осы жерде тағы да атап өткім келеді: **еліміздегі тыныштық пен тұрақтылық — біздің ең басты байлығымыз.**

Біз бұдан былай осы теңдесі жоқ байлықты көздің қарашығындай сақтап, елімізде достық, теңдік, бауырмалдық ортасын нығайтуға бағытталған жұмыстарды табанды түрде жалғастыратын боламыз. Ол үшін бар күш-қуатымыз бен мүмкіндіктерімізді жұмылдырамыз. Бұл мәселе қазіргідей қиын-қыстау кезеңде жүргізіп отырған еркіндік пен ашықтық саясаты үшін ерекше маңызды.

Құрметті отандастар! Жаңа Өзбекстанда жаңа басым қағидаттарға негізделіп, Конституциямызда нақты белгіленген әлеуметтік мемлекет мәртебесіне ие болып, халықшыл және гуманистік саясат жүргізіп келеді.

Осыған байланысты бір мысал келтіруге рұқсат етіңіздер. Тек өткен жылдың өзінде көмекке мұқтаж жандарға 16 триллион сум материалдық көмек пен жәрдемақы берілді. Аз қамтылған отбасылардан шыққан 51 мың бала балабақшаға орналасты-

рылды, олардың 176 мыңы медициналық көмек алды, 182 мыңы әлеуметтік қызметпен қамтылды.

“Саховат және қумак” қоры арқылы 94 мыңға жуық аз қамтылған отбасының емделу, тамақ, киім-кешек, коммуналдық төлемдері үшін 130 миллиард сумдық шығындары өтелді.

“Әйелдер дәптері” аясында 3,5 миллион әпке-қарындастарымызға 5 триллион 700 миллиард сум көмек бөлінді.

“Жастар дәптері” енгізілгеннен бері 1 миллион 300 мың мұқтаж жастарға 1 триллион 700 миллиард сум әлеуметтік көмек көрсетілді.

Ең бастысы, жұмысымыз жүйелі түрде жалғасын табауда.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Жаңа Өзбекстанның басым белгілерінің тағы бірі — “жасыл даму” жолы.

Бүгінде елімізде жаңа экологиялық кеңістік құрылуда. Жалпыұлттық “Жасыл кеністік” жобасы дәл осы мақсатқа бағытталған.

“Қоршаған ортаны қорғау және “Жасыл” экономика жылы” деп жарияланған биылғы жылы жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарлама да бұл бағыттағы маңызды қадам болмақ.

Жуырда Хиуа қаласында алғаш рет кеңейтілген құрамда өткен Конфессияаралық кеңес отырысында еліміздегі діни конфессиялар өкілдері осы мемлекеттік бағдарламаға белсенді қатысуға бағытталған үндеу қабылдады.

Әрине, қоғамымыздағы игі істерге құрметті дін қайраткерлері, ғұламалар мен зиялы қауым, жалпы жұртшылық белсене атсалысып жатқанын ризашылықпен атап өтеміз.

“Жасыл кеністік” жобасы аясында діни сала қызметкерлері тарапынан 10 мыңнан астам ағаш пен 32 мыңнан астам гүл отырғызылып, мешіттер мен қасиетті орындарда

25 гектар жер абаттандырылғаны осы пікірді растайды.

Еліміздегі қажылардың да талай игі істерде жеке үлгі көрсетіп жүргені баршамызды қуантатыны сөзсіз.

Өткен жылы мүфти Нуриддин Холиқназардың жетекшілігімен қажыларымыз **“Жаңа Өзбекстанның жанашыры болып, руханияттың насихатшыларына айналамыз”** деген бастама көтерген болатын. Осы уақытқа дейін олардың бастамасымен асыраушысынан айырылған мұқтаж отбасыларға 6 миллиард 300 миллион сум көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Осындай сауапты істері үшін барлығымыз оларға шын жүректен алғыс айтамыз.

Құрметті отандастар!

Казіргі таңда әлемдегі жағдай күрделі болып, қатерлі сипат алып бара жатқаны бәрімізге белгілі.

Өкінішке орай, көптеген қақтығыстар мен жанжалдардың дәл ислам әлемінде орын алуы баршамызды қатты алаңдатады.

Тәртіпсіздік ошақтары кез келген уақытта кеңейіп, бүкіл аймақтарға таралу қаупі артып келеді.

Мұсылман елдеріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ислам үмбетінің бірлігі мен ынтымағын одан әрі нығайту бұрынғыдан да өзекті болып тұр.

Біздің назарымызда болуы тиіс тағы бір мәселе — жастарымыздың жүрегі мен санасын ұлап, өмірінен тайдыратын көптеген қауіптермен байланысты.

Әрине, перзенттерімізді білімге жетелеуде, жат ағымдардың ықпалынан сақтауда құрметті имам-хатиптеріміздің, көпті көрген ата-әжелеріміздің, қоғам белсенділерінің, қажыларымыздың атқарып жатқан қызметтері өлшеусіз.

Осы бағыттағы жұмыстарыңызды бәріміз жоғары бағалаймыз.

Баһауддин Нақшбанд бабамыздың **“Қолың еңбекте, жүрегің Ал-**

лада болсын” деген ілімі өмірлік сенімімізге айналды.

Жастарымызды осындай рухта тәрбиелеу, оларды еңбекке, кәсіпке баулу өте маңызды.

Осы тұрғыда ардақты ардагерлеріміз, махалла белсенділері, еңбеккор диқандарымыз, кәсіпкерлеріміз жастарды адал еңбек етуге, отбасының, елінің амандығы үшін үнемі ізденіспен өмір сүруге үйретеді деп ойлаймын.

Құрметті достар!

Осынау сауапты айда еліміздің 9500-ге жуық махалласында аз қамтылған және мұқтаж отбасыларға ауызашар дастарқандары жайылып, игі істер атқарылды.

Жер-жерлердегі шараларға мүфтилеріміз бен имам-хатиптеріміз де үй-үйді аралап белсене атсалысты.

“Рамазан — қайырымдылық, бірлік пен кеңпейілдік айы” деген ұранмен өткізіліп жатқан мұндай игі шаралар адам қадірін асқартатып, барша отандастарымызды таза мақсатқа біріктіруге қызмет етеді деп ойлаймын.

Әлішер Науаи атамыз айтқандай, “Жақсылардың ісі — жақсылық жасау”. Расында да, бұл өмір дәл ізгілік пен жақсылық арқасында қашанда жарқын әрі баянды.

Сондықтан ізгі ниеттер қабыл болатын қасиетті Рамазан айында Қадір түні қарсаңында елімізге, барша әлемге тыныштық пен береке тілейміз.

Өміріміз әрқашан осындай жарқын, шуақты, берекелі болсын!

Батағай ата-әжелеріміз аман болсын!

Қамқор әпке-қарындастарымыз, аға-інілеріміз әрқашанда тірек асқар тауымыз болсын!

Балаларымыз білімді, кәсіпқой, жігерлі жас болып, еліміздің даңқын әлемге асқақтата берсін!

Еліміз тыныш, еңбекқор, жомарт халқымыз әрқашан аман болсын!

ЕЛІМІЗДЕГІ ТАТУЛЫҚ БЕРЕКЕЛІ АУЫЗАШАРДА КӨРІНІС ТАПТЫ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Президенттің 14 марттағы қаулысына сәйкес, биылғы жылы Имам Мотуридидің 1155 жылдығы кен көлемде аталып өтілмек. Ол кісінің Самарқантағы мұбәрәк зияраты одан әрі абаттандырылып, оның бай ғылыми мұрасы мен мотуридия ілімі шетелдік ғалымдармен бірлесіп зерттелмек.

Еліміздегі түрлі ұлттар мен дін өкілдері арасындағы татулықты нығайту мақсатында үстіміздегі жылдың сентябрь айында Ташкент пен Самарқант қалаларында тағы бір шара — “Декларациялар диалогы форумы” өтеді. Бұл халықаралық конференция әртүрлі діни конфессия өкілдері арасындағы бірегей ағартушылық сұхбат аланы болмақ.

Конституциямызға сәйкес Өзбекстан әлеуметтік мемлекет мәртебесіне ие, халықшыл және гуманистік саясат жүргізілуде. Атап айтсақ, тек өткен жылдың өзінде көмекке мұқтаж жандарға 16 триллион сум көлемінде материалдық көмек пен жәрдемақы берілді. Аз қамтылған отбасылардан шыққан 51 мың бала балабақшаға орналастырылды, олардың 176 мыңы медициналық көмек алды, 182 мыңы әлеуметтік қызметпен қамтылды.

“Саховат және кумак” қоры арқылы 94 мыңға жуық аз қамтылған отбасының емделуіне, тамағына, киім-кешектеріне, коммуналдық төлемдеріне байланысты 130 миллиард сумдық шығыны өтелді. “Әйелдер дәптері” аясында 3,5 миллион әйелге 5 триллион 700 миллиард сумдық көмек бөлінді.

“Жастар дәптеріне” енгізілгеннен бері 1 миллион 300 мың мұқтаж жанға 1 триллион 700 миллиард сумдық әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сонымен қатар еліміз қажыларының бастамасымен асыраушысынан айырылған, аз қамтылған отбасыларға 6 миллиард 300 миллион сум көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Елді абаттандыру, көшет егіп, бау-бақша құру да сауапты іс. Жалпыұлттық “Жасыл кеңістік” жобасы дәл осы мақсатқа бағытталған. Ағымдағы көктемгі маусымда діни сала қызметкерлері 10 мыңнан астам ағаш пен 32 мыңнан астам гүл отырғызып, мешіттер мен қасиетті орындардың айналасы абаттандырылды.

“Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылына” қатысты мемлекеттік бағдарламасы аясында табиғатты қорғаудың аясы кеңейіп келеді. Жуырда Хиуа қаласында өткен Конфессияаралық кеңес отырысында еліміздегі діни конфессия өкілдері осы мемлекеттік бағдарламаға белсенді қатысуға үндеу қабылдады.

Шет мемлекеттердің елшілері, халықаралық ұйымдар мен діни конфессиялар өкілдерінің қатысуы еліміздегі бауырмалдық пен татулықтың тағы бір көрінісі болды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде әлемдегі жағдайға да тоқталды. Қақтығыстар мен жанжалдардың көбі ислам әлемінде болып жатқаны өкінішпен атап өтілді. Тәртіпсіздік ошақтары кез келген уақытта кеңейе алатыны, мұсылман елдеріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ислам үмбетінің

бірлігі мен ынтымағын нығайтудың бұрынғыдан да өзекті екені атап өтілді.

Ол үшін ең алдымен, жастарды жат ағымдардың ықпалынан сақтап, білімге бағыттау басты назарда болуы керек.

Бұл туралы тоқталып, Шавкат Мирзияев Бахаудин Накшбандидың “Қолын еңбекте, жүрегің Аллада болсын” деген тәлімін еске алды. Жастарымызды осындай рухта тәрбиелеу, оларды еңбекке, кәсіпке баулудың маңызы зор екенін баса айтты.

Бұл күндері “Рамазан — қайырымдылық, бірлік пен кеңпейілдік айы” деген ұранмен еліміздегі 9500-ге жуық махаллада аз қамтылған отбасыларға ауызашар дастарқаны жайылып, хал жағдайларынан хабар алынды. Мұндай игі істер адамдық қадір-қасиетті асқатқытып, барша отандастарымызды таза мақсатпен біріктіруге қызмет етеді.

— Әлішер Науаи атамыз айтқандай, “Жақсылардың ісі — жақсылық жасау”. Расында да, бұл өмір жақсылық пен ізгіліктің арқасында қашан да жарқын әрі баянды, — деді Шавкат Мирзияев.

Ниет қабыл болатын мұбәрәк Рамазан айында Қадір түні қарсаңында ізгі тілектер айтылды.

Құран оқылды. Алладан жер-жерде тыныштық, елімізге береке, мейірім-шапағат тілеп батаға қол жайылды. Еліміздің барлық аумақтарында өткізілген ауызашар шараларына ардагерлер, зиялы қауым, түрлі дін және конфессиялар өкілдері, мүгедектігі бар, мұқтаж жандар, жалпы 60 мыңға жуық адам қатысты.

ӨЗА

Жаңа Заң

АТМОСФЕРА АУАСЫ ТАЛАПТАРЫНА МОЙЫНСҰНЫЛАДЫ

Соңғы жылдары елімізде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам денсаулығына зиянды әсер етудің алдын алу, санитариялық және экологиялық жағдайды жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Дегенмен, бүгінгі таңда республикамыздың қалаларында шанның көтерілуі жиі орын алуда, ал ауа құрамындағы ұсақ дисперс бөлшектердің белгіленген мөлшерден асып кетуі азаматтардың өмір салтына, денсаулығына кері салдарын тигізуде.

Бұл жағдайлар құрылыс алаңындағы шаң мен құм бөлшектерін желдің ауаға шығаруынан да туындайды. Есептеулер бойынша, соңғы үш жылда құрылыс нысандарының саны үш есеге артқан, егер алдын алу шаралары жүргізілмесе, жылына 500 шаршы метр ашық құрылыс алаңынан ауаға орта есеппен 20-50 тонна шаң мен құм бөлшегі ауаға шығуы мүмкін. Бұл экологиялық жағдайдың нашарлауына тікелей әкеледі.

Айта кету керек, қолданыстағы заңнамада атмосфера ауасын

қорғау талаптары мен қала құрылысы нормалары аясында құрылыс кезінде шаң мен құм бөлшектерінің ауаға көтерілуіне жол бергені үшін нақты жауапкершілік қарастырылмаған.

Президент тарапынан үстіміздегі жылы 3 мартта “Құрылыс алаңдарында шаң мен құм бөлшектерінің ауаға көтерілуін жоюға міндетті талаптар белгіленуіне байланысты Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкершілік кодексіне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы” Заңы жоғарыда аталған ділгірліктердің алдын алуға және жоюға бағытталғандығымен маңызды.

Бұл заң Әкімшілік жауапкершілік туралы кодекске құрылыс алаңдарында ауаны қорғау талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейтін өзгеріс-

Жасанды интеллект

ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Жасанды интеллект және цифрлық технологияларды дамыту мәселелері департаментінің басшы-қызметкерлерінің, сондай-ақ Цифрлық технологиялар министрі Шерзод Шерматовтың қатысуымен “Цифрлық Өзбекстан – 2030” стратегиясында белгіленген маңызды міндеттердің орындалу нәтижелілігіне арналған жиналыс өтті.

Оған сексенге жуық кеңсенің цифрландыруға жауапты басшы орынбасарлары, ақпарат технологиялары бойынша мамандар қатысып, салада орындалуы тиіс, кезек күттірмейтін міндеттерді, көкейтесті мәселелерді, ұсыныс-пікірлерді ортаға салып, кеңесіп кенінен талқылады.

Жиналыста соңғы жылдары мемлекеттік

трондық үкімет” рейтингінде Өзбекстан алты бағанға жоғарылап, 193 мемлекеттің арасында 63-орынға шықты, соңғы екі рейтинг есебінде жалпы 24 бағанға көтерілгені де маңызды мәлімет ретінде атап өтілді.

Бұдан тыс, министрліктің алдына “Цифрлық Өзбекстан — 2030” стратегиясына сәйкес, БҰҰ-ның “Электрондық үкімет” рейтингінде еліміздің үздік 30-дыққа кіруі міндеті қойылғаны айтылды.

Жиында “Цифрлық Өзбекстан” жобаларын басқару орталығының мамандары және салаға жұмылдырылған шетелдік сарапшылармен бірге бұл ретте орындалған жұмыстардың талданатыны туралы ақпар берілді. Өз кезегінде әрбір министрлік пен кеңсе енгізілген ақпараттық жүйелерді тұрақты түрде жетілдіріп отыруы тиіс екеніне, 24/7 режимінде техникалық қолдап-қуатталуына, деректер базасын қалыптастыру, сондай-ақ электрондық қызметтердің саны мен сапасын арттыру қажет екеніне ерекше назар аударылды.

Шара соңында жауапты мамандарға белгіленген жоспар бойынша нұсқаулар жасалды. Жиналыста айтқан мамандардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, цифрландыруға байланысты стартап-жобаларды іріктеп, нәтижелісін қолданысқа енгізуге байланысты тапсырмалар берілді.

**Арухан АҚПАНБЕТОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.**

Сырдариядан хабар

ӘКІМ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сауда-өнеркәсіп палатасының облыстық басқармасында Еркинжон Турдимов кәсіпкерлермен, бизнес-қауымдастық өкілдерімен кездесті. Шараға 49 өтініш алдын ала тіркеліп, оның 34-і қабылдау уақытында сәтті шешілді. Қалған 15 кәсіпкерлік субъектілерінің мәселелері жауапты мекеме басшыларының қатысуымен жан-жақты қаралды.

Кәсіпкерлерге тиімсіз көмек көрсетіп, олардың шешілген мәселелерін шешу қанағаттанарлықсыз баға алған Сейхунабад ауданының лауазымды тұлғаларының жұмысына ерекше назар аударылуда. Көмек сұрап жүгінген кәсіпкерлердің 45 пайызы өз қызметін дәл осы аумақта жүзеге асырып жатқаны, сондықтан олардың мәселелерінің оң шешімін табу керек екені баса айтылды. Бизнес-қауымдастық өкілдерімен кездесуде

өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға кедергі келтіретін бірқатар өзекті мәселелерді анықтау керектігі айтылды. Ен өзекті мәселелердің ішінде қарыздар, несие ресурстарына қолжетімділіктің шектелуі, сондай-ақ рұқсат етілмеген құрылыс мәселесі екені атап өтілді. Айтылған мәселелердің күрделі сипатын ескере отырып, облыс әкімдігі оларды шешуде кеңсеаралық әдісті қолға алды.

Келіп түскен өтініштерге прокуратураның, әділет де-

партаментінің, Орталық банктің, Міндетті атқару бюросының және басқа да құзырлы ұйымдардың өкілдері тартылды. Бұл қадам жағдайды жан-жақты талдау мен анықталған кемшіліктерді жоюдың тиімді шараларын әзірлеу қажеттілігіне байланысты.

Облыс әкімдігі өтініштердің қаралу барысы мен қабылданған шешімдердің уақытылы орындалуын қадағалау қызметін өз мойнына алды. Бұл тәсіл үдерістің ашықтығын қамтамасыз етіп, кәсіпкерлерді толғандыратын мәселелердің қысқа мерзімде шешілуіне кепілдік береді, бұл өз кезегінде аймақтың инвестициялық тартымдылығына және жалпы экономикалық дамуға оңды әсер етеді.

**А.МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.**

Ауыл шаруашылығында

ТЕХНИКАМЕН ҚАМТУДА

Жуырда БАКА-да “Узагролизинг” акционерлік қоғамының БАҚ қызметкерлеріне арналған баспасөз конференциясы өтті.

“Узагролизинг” акционерлік қоғамының негізгі міндеті еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына заманалық және жоғары тиімді ауыл шаруашылығы техникаларын лизинг бойынша жеткізіп береді.

Қоғамымыз бұл жөнінде жергілікті ауыл шаруашылығы техникаларын өндіретіндер, импортталған ауыл шаруашылығы техникаларын сататын дилерлер, әлемдегі жетекші орынды иелейтін бірқатар ауыл шаруашылығы техникасы өндірістерімен үздік-

сіз ынтымақтастық жасап келеді.

Осы қоғам құрылғалы бері 25 жыл барысында жалпы 9,5 триллион сумнан астам ауыл шаруашылығы техникасын лизинг негізінде жеткізіп, аграрлық саланы заманалық шаруашылық техникаларымен қамтамасыз ету арқылы механизация дәрежесін арттыруға өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Өткен жылы “Узагролизинг” АҚ қызметінде түбегейлі өзгеріс болды. Президенттің “Ауыл шаруашылығы техникаларын сатып

алуды мемлекет тарапынан қолдап-қуаттаудың қосымша іс-шаралары туралы” қаулысымен үлкен мүмкіндіктер жасалды. Біріншіден, Халықаралық қаржы институттарынан ұзақ мерзімді, төмен пайызды қаржылар тартуға мүмкіндіктерге жол ашылды. Екіншіден, “Узагролизинг” АҚ жарғы қоры 2023 жылы 286 миллиард сумға асыруға қол жеткізді. Үшіншіден, 235,5 миллион АҚШ долларын тарту арқылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына 8,5 мыңнан астам заманалық ауыл шаруашылығы техникасы, сонымен қатар 436 мақта теретін машина, Өткен жылы “Узагролизинг”, Өзбекстан Тіктелу және даму қоры тарапынан “Узагролизинг” АҚ белген 100 миллион АҚШ дол-

лары есебінен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына 2 миллионнан астам техника мен агрегаттар, сонымен қатар 325 мақта теру комбайны жеткізілді.

Жиын-терім маусымы барысында мақта теру машиналарын жөндеу, сондай-ақ қажетті бөлшектермен қамтамасыз ету мақсатында мобильді сервис бригадаларының жұмысы жолға қойылды.

Қаулының орындалуы аясында “Агро-банк” АҚБ-мен ынтымақтастықта жалпы 1 мың 500 лазерлі жер тегістейтін техникалар жеткізілді.

Жеткізіп берілген техникалардың жергіліктендіру дәрежесін арттыруға ерекше назар аударылуда. Бұл бағытта, жекеменшік кәсіпорындармен бірқатар “Урганчормаш” АҚ, “Агрихим” ЖШҚ, “Ред Атлант” ЖШҚ, “Қыбырай Агрипартс” ЖШҚ және “ЗКТ Завод” ЖШҚ сияқты жергілікті өндіріс кәсіпорындарымен ынтымақтастық жолға қойылған.

Сонымен қатар 2024 жылы Сейхунабад тәжірибесі негізінде 300 мини трактор, чи-

зель дәнсеппіш, мини плуг және 250 мотокультиваторларға сұраныс артқандықтан техникалар махаллаларға лизинг бойынша жеткізілді. Сейхунабад ауданының тұрғындарына махалла азаматтар жиыны арқылы 19 мини трактор, 19 минисоқа және 20 мотокультиваторлар лизинг негізінде берілді.

2024 жылы ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу үшін жалпы 235,5 миллион доллар игерілді. Соның 74 миллион доллары Әлем банкі қаржысы, 91,7 миллион доллар Өзбекстан тіктелу және даму қоры қаржысы, 64 миллион доллар Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің қаржысы, 5,8 миллион доллары Коммерциялық банк қаржысы.

Мұнда “Узагролизинг” АҚ-ның ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларына қатысуы мен қаржыларды игерудегі белсенділігі Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары бағаланды.

**Ж.МОЛДАШЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.**

Ғылым мен руханият жолында

ИМАМ БҲАРИ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Жуырда Ұлттық баспасөз орталығында Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының 2024 жылғы қызметі қорытындылары мен алдағы жыл жоспарларына арналған баспасөз конференциясы өтті.

Шараны Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы, Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігі мен Ұлттық баспасөз орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Конференцияға орталық басшылығы мен республикалық БАҚ өкілдері қатысты.

Орталық директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Шовосил Зиядов 2024 жылы атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат берді. Оның айтуынша,

есепті кезеңде орталық халықаралық байланыстарды кеңейтіп, қолжазбаларды зерттеу бағытында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Жыл ішінде шетелдік 5 жетекші ғылыми-зерттеу орталығымен және университетімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Сондай-ақ серіктестермен бірлесе отырып 52 халықаралық конференция, ғылыми семинар және дөңгелек үстел сұхбаттары өткізілді.

Орталықтың 16 қызметкері шетелде ұйымдастырылған ғылыми шараларға, біліктілікті арттыру курстарына және ғылыми сапарларға қатысты. Атап айтқанда, бір ғылыми қызметкер Германияның Гамбург университеті жанындағы Азия-Африка зерттеулері институтында біліктілігін арттырды. Сонымен қатар Франция, Түркия, Қырғызстан, Австралия және Малайзия сынды елдердің беделді ғылыми мекемелерінен 7 зерттеуші “Имам Бұхари халықаралық стипендиясының” иегері ретінде Орталықта ғылыми тағылымдамдан өтті.

Орталық қорына халық арасында сақталған 6 қолжазба және 8 тасбаспа кітап сый ретінде қабылданды, ал 10 қолжазба жеке азаматтардан сатып алынды. Орталық қорындағы 120 кітап

(218 шығарма) 23 мың 573 бетке сканерленіп, электронды нұсқалары дайындалды. Сондай-ақ орталықтағы 88 қолжазба шығармасының аннотациясы www.bukhari.uz сайтына жүктелді. Ал 178 қолжазбаның беттері тазартылып, рестаурация жасалды. Орталықтың электрондық базасы 1 мың 403 қолжазба және тасбаспа шығармалармен толықтырылды.

Бұдан тыс, Түркиядағы қолжазбалар басқармасынан Имам Бұхаридің 20 электрондық нұсқасы алынды. “Сахиул Бұхари” еңбегінің шетелдік қорларда сақталған 864 электрондық нұсқасы жинақталды.

Ұлы ғұламаларымыздың мұрасы сақталған 13 мың 260 қолжазбаның тізімі жасалды. Орталық бөлімінің басшысы, философия ғылымдарының докторы (PhD)

Жонибек Жумаев есепті кезеңдегі ғылыми-зерттеу және рухани-ағартушылық жұмыстардың талдауын ұсынды.

Оған сәйкес, Имам Бұхари, Имам Дорими, Абдулхамид Кеши, Әбу Лайс Самарканди сынды ұлы ғалымдарымыздың сирек кездесетін 15 еңбегі өзбек тіліне аударылды, 8 кітап пен монография басылып шықты, 12 кітап пен трактаттар баспаға дайындалды.

Сонымен қатар 205 ғылыми мақала жарияланды, соның ішінде 47 мақала беделді ғылыми журналдарда, 97 мақала интернет желілерінде, 10 мақала баспа БАҚ-та жарық көрді. Ал 51 халықаралық және жергілікті конференцияда ғылыми баяндама жасалды.

Жыл бойы рухани-ағартушылық жұмыстарына ерекше мән берілді. Атап айтсақ,

176 кездесу “Надандыққа қарсы — ағартушылық” тақырыбындағы 230 шара ұлы ғалымдар мұрасының жастар тәрбиесіндегі рөліне арналды.

Жалпы 406 насихаттық іс-шара ұйымдастырылды. Ұлы ғалымдардың еңбегін таныстыру мақсатында 20 білім беру мекемесінде және 3 халықаралық конференцияда көрмелер ұйымдастырылды.

Имам Бұхари халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының 2025 жылға арналған жұмыс жоспары кең көлемді және маңызды бағыттарды қамтиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары, ағартушылық шаралар, халықаралық ынтымақтастық, қолжазба мұраларын сақтау мен насихаттау, сондай-ақ қоғамның рухани өмірін жақсартуға бағытталған түрлі жобалар орталықтың негізгі міндеттері ретінде белгіленген, орталық өз мақсаттары мен міндеттерін жоғары деңгейде орындауды, ұлттық және исламдық мұрамызды кенінен насихаттауды жалғастырады.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Тілсіз жау

КӨҢІЛ БӨЛУМЕН МАҢЫЗДЫ

Тұрғындардың, әсіресе жастардың арасында арнаулы қызметтерді алдап шақыратын жағдайлар кездесіп жатады. Олардың ойын ретінде өрт шыққанын хабарлап жататыны өкінішті. Бұған қарсы шаралар қарастырылса да қызметкерлердің әуреге салынуы, уақытының босқа кетуі, олардың қызметіне деген құрметсіздік көрсетілуі өкінішті. Сала өкілдерінің жұмысы азаматтардың ойынмен емес, қауіпсіздікке көңіл бөлуімен жүзеге шығатынын ұмытпайық.

Р.ИБРАГИМОВ,
Өзбекстан Республикасы Заң шығару палатасы ғимаратында ОҚТҰБ-ның инспекторы.

ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Аптаның әр сәрсенбісі сайын өткізілетін “Өрт қауіпсіздігі” күнінің маңызы зор. Бұл орайда азаматтарға өрт қауіпсіздігі бойынша жөн-жорықтар беріліп, түсіндіру істері жүргізіледі. Кейбір азаматтардың неміқұрайдылығының, қарапайым ережелерге көңіл бөлмеуінің нәтижесінде кері жағдайлар да туындап жатады. Ал профилактикалық шаралардың іс жүзінде орындалуы осындай кері жағдайларды болдырмауға қызмет етеді.

З.ҒАҒУРОВ,
Өзбекстан Республикасы Заң шығару палатасы ғимаратында ОҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ӨНДІРІСТІК ОРЫНДАРЫНДА

Кейде түрлі тұрмыстық қызмет көрсету, өндірістік орындарында қауіпсіздік ережелеріне қайшы немесе жауаптылар мен қызметкерлердің ережелерге мойынсұнбастан жұмыс жүргізуі мемлекетке, қоғам мүлкіне зиянын тигізеді. Тіпті қаншама адамның денсаулығы мен өміріне де қауіп төндіруі мүмкін. Өндірістік орындарындағы белгіленген ережелер өте маңызды болып, оған көңіл бөлу баршаның міндетіне жатады.

М.ХОЛМУРАТОВ,
Өзбекстан Республикасы Тұңғыш Президенті Ислам Каримов атындағы ғылыми-ағарту жөдігерлік кешені ғимаратында ОБ және П бойынша кіші инспекторы.

ӨРТКЕ СЕБЕП ФАКТОРЛАР

Өрттің алдын алу бойынша тұрғындарға ескерту жасау, қолдан жасалған жылыту құрылғыларын пайдаланбау, балаларды жалғыз қалдырмау сала мамандарының сақтық талаптары саналады. Бұдан тыс, үйдегі элетр тогынан үзілмеген үтік, микротолқынды пеш, теледидар, компьютер және телефон құрылғылары күнделікті жағдай болып көрінгенімен өртке себеп болатын факторлар. Мұны әр азаматтың білуі қауіпсіздік талаптарының орындалуы деген сөз.

М.АДИЛХОДЖАЕВА,
Өзбекстан Республикасы ІІБ Орталық қоймасында ОҚТҰБ-ның аға инспекторы.

ИІС ГАЗЫНА УЛАНУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

Иіс газы адам ағзасының тыныс жолдары мен тыныс мүшелеріне күшті әсер етеді. Тыныс жолдары арқылы ағзаны, орталық жүйіне жүйесін залалдайды. Иіс газы бірқатар органикалық заттар синтездейтін кәсіпорындарда және гараждарда желдету нашар болғанда, жаңадан боялған және желдетілмейтін бөлмелерде, сондай-ақ үй жағдайында табиғи газ жанып тұрғанда немесе пеш арқылы жылытылатын үйде пештің қақпағы өз уақытында жабылмағанда адам уландыруы мүмкін.

Б.БЕРДИЯРОВ,
Сіргелі аудандық ТЖБ басшысының орынбасары.

ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазірде республикамызда “Төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтар қауіпсіздігі” айлығына орай, еліміздің түрлі аумақтарында шаралар өтуде. Бұдан көзделген мақсат — табиғи және техногенді ерекшелігі бар төтенше жағдайлардың қаупі туындағанда көңіліздіктердің алдын алу және оларды жою бойынша оқу жаттығуларын жүргізу. Сонымен қатар ұйымдардың дайындық жағдайлары да үйренілуде.

А.ОМОНБОВЕ,
Учтепа аудандық ТЖБ-ның аға инспекторы.

Медицина

ДӘРІГЕР ДӘРЕЖЕСІНДЕГІ МЕДБИКЕ

Медицинада науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтін орта буын қызметкер — меіырбике екенін бәріміз де білеміз. Иә, емнің дұрыс нәтиже беруі — медбикенің көрсетілген ем-домды сауатты да қалтқысыз орындауына ғана емес, жаны қиналып жатқан науқаспен күндіз-түні бірге болып, жиі қарым-қатынас жасап, олардың көңіл күйіне әсер ететін жанкешті еңбегіне де тікелей байланысты.

Жұмысы көрінбейтін, бірақ атқаратын міндеті зор, денсаулық сақтау саласының бір буыны — лаборанттар. Олар сараптама жасау арқылы науқастарға дәл нақтама қоюға көмектеседі. Нұрсұлу Каримбаева — осындай лаборант-медбикелердің бірі. Оның бұл істі менгергеніне 15 жыл болыпты. Зарафшан қаласындағы медициналық колледжді 2010 жылы тәмамдағалы бері Кенимех ауданындағы медициналық бірлестікте абыройлы қызмет атқарып келеді. Бүгінде аталған бірлестіктің реанимация бөлімінде кезекші лаборант, сондай-ақ клиникалық-диагностикалық зертхананың лаборанты.

— “Бұл мамандықтың қиыншылығымен қоса, қызықты сәттері де аз емес. Өз ісім өзіме қатты ұнайды, сондықтан қандай қиын кез болмасын бас тартқан емеспін”, — дейді ол.

Өз жұмысының жемісін көріп жүрген Нұрсұлу бүгінде ізбасарларын дайындап жатыр. Жаңадан келген медбикелерді үйретуден жалықпайды. Сырқаттанған барлық таныстары мен туыстары Нұрсұлуды іздеп табады. Көршілер, дос-жаран, өзі тұратын көшенің барлық тұрғыны оның көмегіне жүгінеді. “Медбике болсам да таныстарыма құдды бір дәрігердеймін. Ешқайсысының көңілін қайтармай, көмектесуге тырысамын”, — дейді кейіпкеріміз.



Күнделікті жұмысында кейіпкеріміз қан анализін, биохимиялық анализ, жалпы қан анализін алады. Нұрсұлу Каримбаева қым-қуыт қызметімен қатар, үй шаруасына да үлгеріп жатады. Жолдасы Абдуллаев Талғатпен бір үл, бір қыз өсіріп жатқан үлгілі жаня.

— Медбике болып қызмет істеу оңай емес, оның үстіне бүгінгі таңда науқастар өте талғампаз, кірпияз. Біздің саладағы басты күш медбикелерге түсетіні анық. Олар науқастарға ауыртпай ине шаншуға, бабын табуға тырысып-ақ бағады. Әріптестеріме шыдамдылық пен сабырлылық тілеймін, денсаулықтары мықты болып, халыққа адал қызмет етіп, өз істерінің жемістерін көре берсін дегім келеді, — дейді Нұрсұлу Каримбаева.

Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Кенимех ауданы.



Қаперіңізде болсын

ҮЙДЕ ҚҰЛПЫНАЙ КӨШЕТІН ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК?

Үйде құлпынай өсіру, тұқымынан көшет дайындау және оны сәтті өсіру — қажырлы еңбекті талап етеді. Бұл жағдайда зеңсіз және аурусыз толық піскен құлпынай таңдау маңызды.

Мысалы, “Альбион”, “Сан Андреас”, “Мара де Буа” сияқты сұрыптар үйде жақсы өседі. Ең алдымен, құлпынайларды суық сумен жақсылап жуып, пышақ немесе қасықпен жемістің жоғарғы жағындағы тұқымдарды қырып алу керек. Содан кейін, тұқымдар қағаз сүлгіге немесе шүберекке жұқалап жайылады. Оны 2-3 күн ішінде бөлмеде, табиғи түрде кептіру керек.

Кептірілген тұқымдарды қағаз конвертте немесе шыны ыдыста сақтауға болады. Тұқымның тезірек және жақсы өнуі үшін стратификациялау ұсынылады. Мысалы, оларды сулы қағаз сүлгіге полиэтилен пакетке салып, 2-4 апта бойы тоназытқышта сақтаныз. Бұл үдеріс тұқымның өну қабілетін арттырады.

Тұқымдарды отырғызу кезінде төмендегі шараларды атқару қажет. Оны арнайы “тұқымды бастапқы қоспасы” толтырылған науаға немесе шағын гүл түбектеріне себу керек. Олар топырақтың бетіне себіліп, өте аз топырақпен жабылуы керек. Содан кейін ол мөлдір пленкамен немесе қақпақпен жабылады. Бұл микроклимат жасап, өну үдерісін тездетеді.

Тұқымның жақсы өнуі үшін 15-21 градус ең жақсы температура саналады.

Оған 12-16 сағат жарық қажет. Ол үшін өсімдік шамдарын немесе күн сәулесін пайдалануға болады. Топырақ әрқашан ылғалды болуы керек, бірақ шамадан тыс суару тұқымдардың шіріп кетуіне әкеледі.

Көшеттерді трансплантациялау үдерісі 2-3 жапырақ пайда болған кезде, көшеттер бөлек гүл түбекіне немесе бақшаға ауыстырылуы мүмкін. Айта кету керек, құлпынайдың арасы 30 сантиметр қашықтықта отырғызылады — бұл әрбір өсімдіктің жақсы өсуіне мүмкіндік береді. Оны жақсы құрғатылған, құнарлы топырақта өсіру керек. Қосымша ұсыныстарға мыналар кіреді:

Суару кезінде ылғалды сақтау үшін мульчаны қолдану керек. Органикалық тыңайтқыштарды қолдану өгінің сапасын арттырады.

Алғашқы гүлдер жойылады, осылайша өсімдіктің тамыры жақсы дамып, келесі жолғы өнім молырақ болады. Суық мезгілде өсірілетін болса, көшеттер үйде немесе жылыжайда сақталуы керек.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

өсектерден аулақ болып, ауылдың әрбір мүшесін, әрбір жанұясын өзімізбен теңдей көрейік.

Жақсы ниет етіп, ауылымыз өкілі қайда тұрмасын, олармен хабарласып, өзара қатынастарды жақсыласақ, карттар дұға жасап отырса, еліміз, халқымыз мол табыстарға жетіп, жастарымыз болашағы жарқын, биік шыңдарға жетіп, елде тыныштық, сәттілік билік жасап, жоғарыда айтылған кейбір істер болмауы да, ауылдас-тарды шеттеп өтуі де мүмкін шығар деп ойлаймын.

Өлібек АБУЕВ,
Ташкент облысы.

Соңғы жылдары миграциялық өзгерістердің әсерінен ауыл, туған ауылым сияқты терминдер ескіріп, жоғалып барады. Себебі жұрттың туған өлкесінен басқа аумаққа көшіп-қонуы салдарынан сол ауылдан тараған азаматтар басқа аумақтарда, қала мен ауылдарда қоныс тауып отыр.

Шыққан тегіміз, бәріміз бір ауылда (мысалы, Най-

ман, Арғын, Мамыт, Елібай, Жаңабай, Көрік, Тама, Боха,

Рамадан, Ошақты және т.б.) жасап, дамып келген қауым, арнайы бір-бірінен атымен ерекшеленетін, тілімен, дінімен, салт-дәстүрімен ұқсастығы болғанымен, тарихи шежіреге негізделіп келген өз алдына ажыралып тұратын болатын. Ежелден сол қауымдарды би, болыс, ел басылар, көсемдер, данышпан бабалар басқарып, оның бірлігін сақтап, тұрмыс-тіршілігінің қамын жасап, сәтті болашағы мен қауіпсіз-

дігін қамтамасыз етіп келген.

Ал бірақ бүгінде белгілі рудың өкілдері әртүрлі себептермен әркім әр жайда отбасымен тұрып келеді. Біреулер ауылда, қара шанырақта тұрады, кейбіреулер уақытында әке-шешенің әмірімен көрші, орталыққа жақын ауылдарға көшірілген, ал қалғандары қалада немесе соңғы уақыттардағы тенденцияға орай, атамекен Қазақстан аумағына жер

аударып кеткен. Ауылдан қоныс аударған кейбір бауырлардың бөтен елде өз орнын табалмай, оңалмай, жаңа елде жаңа жол аша алмай, ісі жүріспей, күйзеліске душар болып жүргендерде аз емес.

Өзімізге келсек, ауыл арасында әдет болып кеткен пәленше өзі сондай адам, түгенше мынадай адам, анау ұры, мынау тұры, мынау бай, анау кедей деген кері мінездерден арылайық, арадағы



ГАЗЛИДЕГІ МЕРЕКЕ

Наурыз көпұлтты мерекесі Газлиде де көтеріңкі көңіл күймен өтті. Байналминал, Газли махаллаларында ойын-күлкі,

спорттық шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Өзбек-қазақ, халық ойындары салт-дәстүрлері, ән-билері шырқалды.

Дастарқандар көктемгі тағамдарға бай болды. Көптеген табысы аз, мүгедектігі бар жанұяларға тағамдар таратылды. Наурыз мерекесі Газлидегі отбасыларды нұрға, қуанышқа толтырды. **Хазна КӨЛБАЕВА,** Аудандық кеңестің депутаты.

Туысқан халықтар әдебиетінен

ҒАФУР ҒҰЛАМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Қоғамда қыз-келіншектердің білім алуы үлкен жетістіктердің кілті. Мұны терең түсінген ұлт зиялылары, қаламгерлер өз шығармаларында қыз-келіншектерді оқытуды, олардың білім алуын кеңінен насихаттаған. Міне осындай ізгі ойлар академик, ақын Ғафур Ғұламның шығармаларында да көрініс тапқан.

Қаламгердің “Үзілген үміттер”, “Көленкелер”, “Қыз” әңгімелерінде қыз-келіншектердің білім алуына ерекше назар аударады. “Үзілген үміттер” әңгімесі еркін махаббаты, жана өмірді сипаттайды. Әңгіменің кейіпкерлері Зүлфия мен Болат ата-ананың наразылығына қарамай, отау құрады. Дегенмен Зүлфия батылсыздық пен алдаудың құрбаны болады. Тойдан алдынан Зүлфияға ата-анасы: “Болат ауқатты адамдардың баласы, біз кембағал адамдармыз” деп қарсылық жасауына қарамастан, қыз оған тұрмысқа шыққан еді. Енді қанша өкінгенмен де кеш. Жазушы бұл әңгіме арқылы жас ұрпақты ойлануға, тұжырым жасауға, жаңадай киелі ұғымды қадірлеуге, өзара мейір-махаббатты ардақтауға үндейді. Бұдан тыс, әңгіменің негізгі идеясы қыз-келіншектерді оқу-ағартуға бағыттау. Жазушы Зүлфия сынды өрімдей жас қыздарды ерте тұрмыс құру салдарынан жауапсыздық танытатын адамдардың құрғақ уәделеріне алданып қаламауға, өзіндік өмір гүлін солдырмауға үндейді.

Жазушының “Көленкелер” әңгімесін талдап екенбіз, әңгімедегі Жақұтай есімді қыздың ниеті бар екенін желеу етіп, өз жақындарын түгелдей тастап кетеді. Тотыдай ерке, сүйкімді перзенті Салых және Зүлфия опасыздықтың құрбаны айналады. Қолында перзенті, жаңадайы жұмыстары себеп болып оқуы да қалып кетеді. Тойдан алдын Зүлфияға ата-анасы: “Болат ауқатты адамдардың баласы, біз кембағал адамдармыз” деп қарсылық жасауына қарамастан, қыз оған тұрмысқа шыққан еді. Енді қанша өкінгенмен де кеш. Жазушы бұл әңгіме арқылы жас ұрпақты ойлануға, тұжырым жасауға, жаңадай киелі ұғымды қадірлеуге, өзара мейір-махаббатты ардақтауға үндейді. Бұдан тыс, әңгіменің негізгі идеясы қыз-келіншектерді оқу-ағартуға бағыттау. Жазушы Зүлфия сынды өрімдей жас қыздарды ерте тұрмыс құру салдарынан жауапсыздық танытатын адамдардың құрғақ уәделеріне алданып қаламауға, өзіндік өмір гүлін солдырмауға үндейді.

Күш — бірлікте

ДӘСТҮРЛІ СПОРТ ЖАРЫСЫ

Бұқаралық спорт түрлеріне жастардың кеңінен жұмылдыру және дарынды спортшы жастарды іріктеу, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды дайындау жүйесін жетілдіру мақсатында Өзбекстан регби федерациясымен, “Өзбекстан Республикасы тауар-шікізат биржасы” акционерлік қоғамымен ынтымақтастықта жуырда 15 жасқа дейінгі қыздар арасында регби-7 бойынша дәстүрлі республикалық (U-15) спорт жарысы өтті.

Спорт жарысына Ташкент қаласынан және облысынан, Бұхара, Сырдария, На-

манган, Ферғана, Әндіжан, Сұрхандария, Хорезм, Әмудария, Қарақалпақстан, Науаи облыстарынан жас регбишілерден құралған топтар қатысты. Ал өз кезегінде спорттың бұл түрі елімізде жоғары қарқынмен дамығанын, жастар арасында оған деген қызығушылық күн сайын артып келе жатқанын айқын дәлелі бола алады. Турнир World Rugby ережелеріне сәйкес өткізілді. Оның негізгі мақсаты — Өзбекстан әйелдер регбисін дамыту, жастар арасында спорттың аталған түрін бұқараландыру, сондай-ақ спортшы қыздардың шеберліктері мен біліктіліктерін арттыру.

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдары редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.



(Өз тілшімізден.)

Мерекке аясында ұйымдастырылған спорт жарысы көтеріңкі рухпен және ұйымшылдықпен жоғары деңгейде өтті. Еліміздің түрлі облысынан келген көптеген жанкүйер мен көрермендер өздерінің ұнатқан командасын қолдап-қуаттау үшін жарысқа қонақ ретінде қатысты.

Қызу таласқа толы өткен белдесулерде әрбір команда өкілі өзара күш сынауға бар қабілеттері мен табандылық қасиеттерін танытты.

Бұл шара тәжірибе алмасу, дарынды ойыншыларды анықтау мен республикада регбидің беделін одан әрі нығайту жолында маңызды алаң ретінде қызмет етеді.

Жұлдегерлер мен жөнімпаздар шара қатысушылары тарапынан тиісті дипломмен, кубокпен, сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Саламат ХАМИДОВА,
ТМЗУ-дың Бұқаралық құқық факультетінің 3-курс студенті.

Бізден де бір пікір

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ БАС ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕЗЕНДІРУ

Бүгінгі таңда газеттер бұқаралық ақпарат құралының бірі ретінде адам өмірінде маңызды орын алады. Жалпы, мақаланың мақсаты мерзімді басылымдардың, соның ішінде газеттердің бастақырыптарының берілуін қарастыру. Оқырман көзіне бірден түсетіндей етіп тақырыпты беру — көптеген мерзімді басылымдардың алға қойған мақсаты. Яғни тақырып оқырманды тартатын болса, онда оқырманның қызығушылығы оянып мақаланың міндетті түрде оқитын болады. Әрине, бас тақырыптарды әрлеу мен ұтымды орналастыру газетті беттеушілер мен дизайнерлердің міндеті. Себебі техникалық жұмыстарға осы мамандар жауап береді. Түйін сөздер: мерзімді басылым, газет, бас тақырып, аншлаг, шапка, рубрика, мәтін, мақала, лид, автор.

Қазақ мерзімді басылымдары сонау XIX ғасырдың аяғынан бастау алып, түрлі кезеңдерден өткен. Олардың тарихы “Тәржіман”, “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, “Айқап” газет-журналдарынан басталғаны мәлім. Сол заманда өмір сүрген Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов: “газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі”, — деп баспасөздің қоғам өміріндегі маңыздылығын осылайша бағалаған екен. Ол кездегі мерзімді басылымдардың стилі де, ұстанған бағыттары да, сыртқы пішіні де, тіпті жанрлары да басқа еді. Ал қазір, заман ағымына сәйкес жана талаптар, жана бағыттар, жана нормалар қалыптасқан. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің басылымдарымен, ең алғаш жарық көрген қазақ басылымдарының арасы жер мен көктей десек те болады. Ақын, Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың “Қазақстан” газетінің бірінші санында жарияланған “Газет деген не зат?” деп аталатын мақаласында: “...елдің бір шетінде бүлгішілік болып жау орнап жатса, екінші бетінде одан хабары жоқ, ойын-күлкімен өмірлерін өткізіп жатады. Бұлайша қайғыны-шаттықты бірге ортақ көрмеген соң бізде ынтымақ жок, ынтымақ болмаған соң күш-қуат та жоқ, бізді бір ниет, бір тілекке жиятуғын зат — казит, сол себепті, казит — біздің басшымыз, казит — біздің достар алдында көркіміз. Дүшпандарға қарсы құралымыз, казит — біздің білмегенімізді көрсететін ұстазымыз, казит — біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз. Бізге, қазақ балаларымыз, бұның қадірін біліп, ортамызда жанған бір шамның сөнбеуіне тіексіз болу аз, ақшаны аямай жазылып, алып оқу — парыз”, деген екен. Халқының қамын ойлаған қоғам қайраткерінің әрбір сөзі рас, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Қазіргі күнде газет шығару ісі сол замандағыдай көп уақытты қажат етпейді, едәуір жеңіл, бұрынғыдай баспа машинасымен басудың, ол жарық көрген соң жер-жерді аралап, таратудың да қажеті жоқ. Мерзімді басылымдардың негізгі түрлері газет және журнал. Бүгінгі күнде отандық газет-журналдардың саны өте көп.

Жалпы, бас тақырып деген сөзге тоқталатын болсақ, бас тақырып — басылым бетінің негізгі ойын, идеясын беретін, шрифтімен немесе түсімен бірден көзге түсіп, оқшауланып тұратын атау. Бас тақырып бүкіл мәтінін жаны деуге де болады. Себебі, тақырып мәтінінің мазмұнына сай қойылуы міндет. Біз қарастыратын газет шығару ісінде бас тақырыптарды орналастырудың бес түрі қалыптасқан. Олар:

аншлаг, шапка, рубрика, кәдімгі бас тақырып және кіші-дәнекер тақырыптар. Аншлаг — (немісше anschlag — хабарландыру, хабарлама) — газетте ұран, үндеу. Кей жағдайларда “толық түсім” деген мағынаны да береді. Басылымның тұтас бір санының немесе қос беттің тақырыбын, мазмұнын беретін атау. Оқырманның назарын бірден өзіне аударуға арналады. Шапка басылым бетіндегі бірнеше мәтінге ортақ тақырып, атау. Көбінесе ірі қаріппен беріледі.

Рубрика немесе айдар — белгілі бір тақырып аясындағы материалдарды сұрыптап, топтастырады. Басылымдарда негізгі орын алады. Ол газеттерде айдар — тақырып — тақырыпша түрінде болады. Рубриканың ең көп кездесетін түрі тақырыптық рубрика. Оған мысал газет беттерінің жоғарғы жағындағы “мәдениет”, “спорт”, “денсаулық” т.б. сынды тақырыптар. Сондай-ақ жанрлық рубрика да кенінен қолданылады. Мысалға: “репортаж”, “сұхбат”, “комментарий”, уақытша айдарлар: “сұрақ-жауап”, “апта тынысы”, “бүгінгі мен кешегі”, аудиториялық рубрикада — белгілі бір оқырмандар тобына арналған мақалалар жинақталады, аймақтық рубрикада — белгілі бір өңірдің жаналықтары қамтылады. Ақпараттық газеттердің барлығында да кездесетін айдарлар бар, мәселен “жаналықтар”, “экономика”, “саясат” т.б...

Көріп отырғанымыздай, бас тақырыптар бірнеше сатыдан тұрады. Бас тақырыптарды орналастыруда ескеру қажет: 1) Жол санына дұрыс бөлу. Мағынасына қарай негізгі ойға; дәнекер ойға; негізгі сөйлемге; негізгі тақырыпқа; дәнекер тақырыпқа сай болуы тиіс. 2) Бас тақырыптардың сөздерін дұрыс тасымалдау: буын санына; мағынасына сәйкес болуы керек. 3) Бас тақырыптардың алатын көлемін мәтіндік теріміннің игеруіне сай болуы: бағаналардың үстіне екі жағынан бос орын қалдырып ортасына; бағаналардың үстіне; екі жақ бағананы тең көтеріп, ортанғы бағаналардың үстіне тағы осындай конфигурация жасау. 4) Бас тақырыптарды мәтіндік теріміннің қай жеріне орналастыруды жоспарлау: текст терімінің үстіне; жан-жағына; жанына; ішіне; асты-үстіне қоюға байланысты ойластыру. Мұндағы тәсілдердің түрі шексіз. 5) Бас тақырыптардың қандай қаріптік гарнитуралармен, кескімен, келгімен белгілеу: мәтін терімінің мазмұны, сипаты, ойы; беттік орын; мәтіндік терім гарнитурасының сипаты.

Газет-журналдарда бас тақырыптар ерекше шрифпен, көлеммен, қанық түспен беріледі. Әрі ол кез келген адамға

түсінікті болуы тиіс. Газетті қолына алған оқырман оны оқымас бұрын алдымен тақырыптарды қарап шығатыны анық. Егер оны тақырып қызықтырса ғана ары қарай оқиды. Оқырмандардың 80 пайызға жуығы дәл осылай істейтін көрінеді.

“Кемеге қандай ат қойсаң — жүзін де сондай болмақшы” деген сөздер публицистикаға да қатысты айтылғандай. Себебі, автор өз материалындағы “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып”, дұрыс ат қоя білуі аса маңызды іс. Осы басылымдардағы тақырып қою мәселесін бірқатар ғалымдар зерттеген — В.В.Ворошилов, А.А.Тертычный, К.В.Прохорова, З.К.Ахметжанова, А.Т.Таткенова, Р.Т.Қожабекова және тағы басқалар. Бас тақырып текстің мәнін, ойын ашады. Оқырман қызығушылығын тудырады. Сондықтан оған бірнеше талап қойылады: 1. Көз-келген бас тақырып нақты, әрі мейлінше қарапайым болуы тиіс. 2. Оқырман аудиториясына барынша түсінікті. 3. Мәтінінің негізгі ойы мен идеясын дәл тектізе білуі шарт. 4. Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер тағы басқа көркемдеу құралдарын қолданған дұрыс. 5. Бас тақырып мақаланың құрылымынан да маңызды. Сондықтан да, ол мәтін мазмұнына сай қойылуы тиіс. 6. Оқырманды мәтінді толықтай оқуға еліктіту, тарту. 7. Типографиялық тұрғыдан тартымды болуы. 8. Неғұрлым қысқа болуы.

Ең маңызды, ең өзекті тақырыптағы мәтіндерді редакция ұжымы газеттің ең бірінші бетіне ерекше бас тақырыппен орналастыруға тырысады. Алдымен, баспасөз — тәрбие құралы, оның тәрбиелік мәні зор. Сол себепті, ондағы мақалалар үлкен жауапкершілікпен жазылуы тиіс, қате ақпарат таратуға болмайды. Мерзімді басылымдарда тақырыпшалар да арадік кездесіп тұрады. Тақырыпша дегеніміз — шапқалар мен бас тақырыптардың екінші жолы. Олар екі түрлі жағдайда қолданылады: 1) Бағынышты рөл атқарып, майда шрифпен теріледі; 2) Автордың ойын толықтыру үшін беріледі. Кей кезде бас тақырыптың сол жағында немесе астында тұрады. Баспасөздегі кез келген бастақырып осы талаптарға сай келуі тиіс.

Сондай-ақ тақырыптар мағынасына қарай толық және толымсыз болып бөлінеді. Толық ақпаратты тақырыптардың басты ерекшелігі — оқырман оны оқи салысымен-ақ мақала не жайлы хабардар ететінін анықтай алады. Ал толымсыз ақпаратты тақырыптар мақаланың мағыналық құрылымының қандай да бір бөлімін хабардар етсе де, мұны жарым-жартылай ғана іске асырады. Мұны оқыған оқырманға ақпарат толығымен берілмейді де, барлық маңызды білу үшін ол амалсыздан мақала мәтініне жүгінуге мәжбүр болады. Сондықтан, мұндай бас тақырыптар баспасөзде жиірек кездеседі. Оқырман аудиториясының назарын аударту мақсатымен ғана қойылған атау ерескел қате болып саналады.

Қорытындылай келе, бас тақырыптардың мәтіні мағынасымен сәйкес болуы және оның ақпараттылығы тақырыпқа қойылатын негізгі талап деуге болады.

Өсербай БАЙҚАБЫЛОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Өзбек тіл білімі кафедрасы
доценті м.а.

Нұрлы жол
Вектор - дизайн - дизайн - дизайн

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдары редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 772010 634031

Кезекші редактор:
Әзиза АЙҚОЖАЕВА

Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ

nurlilol2022@umail.uz

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 326.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 01.50
1 2 3 4 5 6

